


Бекітемін :
«Балауса» бөбекжайының
М.А. Жетекшісі  Т.Н.Изерская
« 29 » мамыр 2026 жыл.

**Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша
білім бөлімінің жанындағы Дамса ауылының «Балауса» бөбекжайы»
МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген
ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА.**

2026 жылғы «12» мамырдағы №26-1 бұйрыққа сәйкес «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» жұмыс тобы Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Дамса ауылының «Балауса» бөбекжайы» МКҚК (бұдан әрі – Мектепке дейінгі ұйым) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2026 жылғы 1 қаңтардан 2026 жылғы 31 мамырға дейінгі кезең бойынша ішкі талдау жүргізді.

Талдау жүргізудің мақсаты

Ішкі талдаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сондай-ақ оларды жою және барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу.

Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілдегі өз атауы көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары ашылған.

Ұйымның штаттық бірліктері:

- Басшы – 1 бірлік;
- Бухгалтер – 1 бірлік;
- Шаруашылық меңгерушісі = 1 бірлік;
- Медбике және диеталық медбике – 1 бірлік;
- Психолог – 1 бірлік;
- Қазақ тілі мұғалімі – 1 бірлік;
- Дене шынықтыру нұсқаушысы – 1 бірлік;
- Музыка жетекшісі – 1 бірлік;
- Мектепке дейінгі білім беру педагогтері – 12 бірлік;
- Техникалық персонал – 15 бірлік.

Барлығы: 35 штаттық бірлік.

Ішкі талдау жүргізу сәтінде келесі бос жұмыс орындары бар: әдіскер = 1 бірлік, тәрбиеші – 3 бірлік, музыка жетекшісі – 1 бірлік.

Декреттік демалыста: 3 тәрбиеші және 1 музыка жетекшісі.

Ішкі қоса атқару бойынша жұмыс істейтіндер:

- диеталық медбике – 0,5;
- ғимаратқа қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы – 0,5;
- кастелянша – 0,5;